

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Гуманитарлық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Гуманитарная серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3439

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Гуманитарная серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

KZ46VP400029271

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области истории,
правоведения и общественных наук

Подписной индекс – 76131

<https://doi.org/10.48081/GUOT3360>

Бас редакторы – главный редактор

Бегимтаев А. И.

к.полит.н.

Заместитель главного редактора

Шамшудинова Г. Т., *доктор PhD,*

ассоц. профессор

Ответственный секретарь

Турлыбекова А. М., *к.и.н., ассоц. профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Акишев А. А.,	<i>д.полит.н., профессор;</i>
Алтыбасарова М. А.,	<i>к.полит.н., доцент;</i>
Ветренко И. А.,	<i>д.полит.н., профессор (Россия);</i>
Шашкова Я. Ю.,	<i>д.полит.н., профессор, (Россия)</i>
Дронзина Т. А.,	<i>д.полит.н., профессор (София, Болгария)</i>
Абдикакимов М. Т.,	<i>доктор PhD</i>
Ермаханова С. А.,	<i>к.социол.н;</i>
Сағиқызы А.,	<i>д.филос.н., профессор;</i>
Кожамжарова М. Ж.,	<i>к.филос.н;</i>
Ахметова Г. Г.,	<i>к.филос.н., профессор;</i>
Уызбасва А. А.,	<i>доктор PhD;</i>
Аубакирова С. С.,	<i>доктор PhD</i>
Альмуханов С. Х.,	<i>к.филос.н., профессор;</i>
Кадыралиева А. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Манасова М. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Олжабаев Б. Х.,	<i>к.ю.н., ассоц. профессор;</i>
Ишеков К. А.,	<i>д.ю.н., профессор (Россия);</i>
Таштемханова Р. М.,	<i>д.и.н., профессор;</i>
Азербайев А. Д.,	<i>доктор PhD;</i>
Шокубаева З. Ж.	<i>(тех. редактор).</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

А. Ж. Құдабаев¹, Б. С. Құдабаева²¹Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

²Г. Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

**КӨНЕ ЖЫРАУЛАР МҰРАСЫ, КӨШПЕЛІ МӘДЕНИЕТТІҢ
МЫЗҒЫМАС БӘЙТЕРЕГІ**

Бүгінде қазақ менталитеті пен көшпелілік дүниетанымы қазіргі кезеңде Батыс философиясында жан-жақты әрі терең қарастырылып жатқаны мәлім. Мысалы постмодернизм аясында қалыптасқан номадология көшпелілік ділге (менталитетке) ерекше көңіл бөледі. Көшпелі өркениеттің дамыған түрі жататын жыраулар поэзиясынан халықымыздың болмысы, тіршілік тынысынан айқын көрініс тапқан. Тұтастай белгілі бір кезеңдердің қоғамдық-әлеуметтік, тарихи сипатын таныта алатын дидактикалық-философиялық сарындағы толғауларымен қатар сөз зергерлері адамгершілік, этика, мораль тақырыптарын да адам өмірінің түрлі жағдайларына қатысты келістіре жырлап, ел ішінде тәрбиелік міндет атқарып отырғаны байқалады.

Егеменді ел болудың арқасында, қазақ халқының тарихын қайта қарап, саралау, тиянақты, әділетті тұжырым жасау мүмкіндігі пайда болды. Тарихшыларымыз бұл салада объективті түрде біршама тарихи туындылар бергені аян. Бізге сол тарихтың маңызды бір билігі ретінде, кенже де болса, күні кеше пайда бола бастаған, қазақ философиясының тарихы ондағы көшпенділердің алатын орны айырықша, қызықты көрінеді. Бүгінгі күні философиялық әдебиетте, қазақ халқына қандай философия етене жақын дегенге әртүрлі пікірлер айтылады. Бұл мақалада қазақ халқының өзіндік болмысы ақын-жыраулардың шығармаларының философиялық тереңдігі жан-жақты талқыланып келеіек ұрпақтың санасына игі әсерін тигізеді деп сенеміз.

Кілтті сөздер: Батырлық, ерлік, көшпелілер, жыраулар, дүниетаным, менталитет, философия, дәстүр, толғау, туынды, гасыр, хандық дәуір, құндылық, өркениет.

Кіріспе

Қазақ ұлттық менталитетінің қалыптасуында көшпелілер мәдениетінің алатын орны ерекше. Олар кең далада емін еркін өмір сүріп табиғаттың тылсым тіршілігімен жан-жақты байланыста болып үнемі даму үстінде болған. Көшпелілер өркениеті – олар империялық құрылымда емін еркін өмір сүре алмайды. Өйткені, империялық тірлік қайткен күнде де отырықшы тұрмысқа алып келеді. Ал көшпелілер үшін отырықшылыққа ену – өз-өзін жоғалтумен бірдей. Сондықтан, олар мемлекеттің ғажайып үлгілерін жасағанмен, оның пайдасын отырықшы халықтар көрді. Көшпелілер болса, ешбір үстемдік пен шектеушілікке көне алмағандықтан жаңа жер, жаңа қоныс іздеумен болды. Бұл тұрғыда Қорқыт пен Асан Қайғы бейнесінің үқсас болатыны ешкімді таңдандырмау керек.

Материалдар мен әдістер

Мінеки, жыраулар поэзиясында ақырзамандық сипаттың басым болатыны, олардың болашақтан ешбір жақсылық күтпейтіні осы себептен. Әрине, бір кездері көшпенділер өркениеті дәуірлеп тұрды, тіпті, ғасырлар бойы ол ең озық өркениеттердің бірі болды. Бірақ XV ғасырдан бастап, отырықшыларда техникалық ой дамуына байланысты, көшпелілер өзіне үйреншікті бірінші орнынан ығыстырыла бастады. Бұл көшпелілер заманақырының басы еді.

«Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан,
Қарағай басын шалмай ма!?»
Асан Қайғы (XV ғ.) [1, 8]

Немесе:

«Аспанды бұлт құрсайды. -
Күн жауарға ұқсайды...»
Шалкиіз (XV- XVI ғ.) [2, 23]

Немесе:

«Озушылар, озмаңыз...»
Доспамбет (XVI ғ.) [3, 18]

Немесе:

«Қол-аяғым бұғауда,
Тарылды байтақ кең жерім...»
Жиембет (XVIII ғ.) [4, 41]

Немесе:

«Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,

Істің бөрі күмөн-ай...»

Бұхар (XVIII ғ.) [5, 75]

Немесе:

«Мұнар да мұнар, мұнар күн,

Бұлттан шыққан шұбар күн...»

(Махамбет (XIX ғ.) [6, 165]

Көріп отырғанымыздай, жыраулар XIX ғасырға дейін өздеріне тән болжаушы, көріпкелдік қасиеттерін жоғалтпаған. Олардың поэзиясының бағыты да өздерінің бойында бұрыннан бар сыншылық болмысынан туындайды. Сондықтан олар хан ордасында тұрып, ханға кеңесші, сыншы боп, көбінесе, хан үкіміне қарсы шығып, ел басқару ісіне араласқан. Бұл жағдай XV- ғасырда қайта жаңғырған жыраулар дәстүрінің феодализмге көнбей, аталық қоғам құндылықтарын қорғайтынын көрсетеді. Демек, уақыт өзгерсе де, көшпелілер сана-сезімі өзгермеген.

Нәтижелер мен талқылау

Олар жаңа дәуірмен көне замандардың түсінігімен сөйлесіп, исламның өзін шаманистік бағытта қабылдаған. Ол ойға көрнекті дәлел ретінде Шалкиіз жыраудың би Темірді қажылық сапарынан тоқтатуға айтқан толғауын келтіруге болады:

«Қара бас күспен шалдырып,

Көк теңіздің үстінде

Көтеріп желкен аштырып.

Жүк тиедің кемеге,

Ниет еттің Тәңірінің үйі – Кебеге!

Жүк тиесең – кетерсің.

Жетсең, тәуап етерсің, -

Етектеп жиған көп халқын.

Сұлтан ием, кімге асмар етерсің!?»

Шалкиіз (XV–XVI ғ.) [7, 26–27]

Бұл үзіндіден көп нәрсені байқауға болады. Біріншіден жырау ешнәрсеге таң қалмайды. Ол бәрін де қабылдап отыр – кемені де, Кебені де, қажыға бару салтын да. Бірақ мұның бәрі жыраудың көз алдындағы колоритті көрініс ғана. Оның түсінбейтіні: «Етектеп жиған көп халқын тастап, ел билеушісі қалай алыс сапарға аттанбақ, халқын кімге тапсырмақ?» Сонымен қатар, Шалкиіздің өнертаңбасында ескілік нышандар да кездеседі. Ол өзінің билеушісіне бас ию, соған мүлтіксіз қызмет етуді өзіне дәреже санау. Бұл жоғарыда айтылған ірі адамды қастерлеу дәстүрінің билеушіге қызмет ету машығымен ұштасуы еді.

«Тіленшіұғлы Шалкиіз
Иесі би Темірдің тұсында,
Бұлтқа жете жаздады бұл мүйіз.
Иесі би Темірден соңыратын,
Тұқылдыктан сартылдап.

үзілер болғай сол мүйіз»

Шалкиіз (XV- XVI ғ.) [8, 77].

Немесе:

«Сен алтынсың – мен пұлмын,
Сен жібексің – мен жүнмін,
Сен сұңқарсың – мен кумын.
Жемсауыңа келгенде,
Сұлтан ием, сом жүрегім аяман!»

Шалкиіз (XV–XVI ғ.) [9, 75].

Бұдан біз көшпелілер дәстүрінің дүниетанымының аса кең және икемді екенін көреміз. Мысалы, монғолдардың өз империясындағы ешбір дінге қол көтермегені белгілі. Сол сияқты, басқа халықтардың әдет-ғұрпына да қол сұқпаған. Сондықтан, көшпелілердің суырып-салма мәдениеті – мысыр пирамидалары сияқты – ауа қысымы өзгермейтін, басқа түскен құбылыстарды сол қалпында суретке түсіретін өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан еске сақтау дәстүрі мықты, басқа замандарға тек тікелей буын алмасу арқылы ғана жететін аталық қоғамда қалыптасқан «мәңгілік» идеясының көрінісі еді.

Сондықтан жыраулар поэзиясы – далалық суырып-салма – синкретикалық мәдениеттің көрінісі. Шынында да, жыраулар поэзиясын жарату үшін көп компоненттер қажет болған. Ол, біріншіден, бүкіл елдік маңызы бар келелі оқиға. Мәселен, Темір бидің қажылыққа жиналуы, Жиёмбеттің өз інісін хан Есімнің алдында қорғауы... Екіншіден, сол оқиғаға байланысты жырау толғауын тыңдайтын белгілі ортаның болуы; үшіншіден, жыраудың музыкалық аспап арқылы (ол алғашқы кезде кобыз, кейін домбыра болды) немесе өз пірінің қолдауымен аруақтануы.

Демек, жырау поэзиясын таза жеке тұлғалық деуге де болмайды. Себебі, ол қайткенмен де көшпенділерге тән дәстүрлі дүниетанымнан аса алмайды. Бірақ оның эпостан айырмашылығы, өткен заман қаһармандарына емес, қазырғы нақты оқиғаларға негізделеді, сол оқиғаның жеке тұлғаның санасында нақты көрініс табуына ұмтылады.

Жыраулар құбылысын әдеби болмысқа жатқызатындығымыз, онда таза әдеби қасиеттердің молшылығынан және салихалығынан. Жырау сөзі

белгілі оқиқаларға байланысты айтылғанымен, ол – жәй немесе ресми сөз емес – бейнелі сөз. Жырау оқиғаны жәй баяндай бермейді, ол оны суреттейді. Дыбыс үндестігіне, басқа тәсілдерге салып әшекеелейді. Онымен қоймай, ол ашынады, күйінеді, тамсанады. Сол арқылы өзінің оқиғаға қатысын білдіреді. Демек, жырау толғауында сөз тек Қана хабарлама болып қоймайды, ол фәлсафаға иек атады, тіпті кейде болашаққа жөн сілтеп уағызшылдық рөл де атқарады.

Ерекше сипаттарына келсек, жырау шығармасы толғау түрінде айтылады. Толғау дегеніміз тек айтушының ой-қиялына ешбір шектеу қоймайтын, музыкадағы төкпе күй сияқты, эпикалық үрдістегі шұбыртпалы еркін өлшем.

«...Ағарып атқан танды деп,
Шолпанды шыққан күнді деп,
Май қаңбақта ағалардың аты жусап жатыр деп,
Ақ шаңдақты құрып қойған шатыр деп,
Жазыда көп жортқан екенбіз,
Арғымақтың талдай мойнын талдырып,
үйде қалған арудың,
Ақ иіндігін аударып...»
Доспамбет (XVI ғ.) [10, 85]

Жыраулар поэзиясында әдебиеттің басты қасиеті бар, ол – ұқсамайтын құбылыстарды ұқсастыру, бір ойды басқа бір ой арқылы жаңғырту, бейне мен бейнені табыстырып, түйіскен жерінен жаңа мағына тудыру. Бұл нағыз биік парасатты поэзияның үрдесі. Қазтуғанның «мадақ жырын» алып қарасақ, мұнда экфрасис принципінің гиперболизация тәсілімен ұштасқанын байқаймыз.

«Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай екі көбелі,
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,
Айдаса қойдың көсімі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы,
Билер өтті, би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршының бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,
Бұлт болған айды ашқан,

Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен көуірдің
Арасын өтіп бұзып, дінді ашқан,
Сүйінші ұлы Қазтуған!»
Қазтуған (XV) [11, 12].

Бұл суретті тек көшпенділер өмір салтының құндылықтарына жетік адам бағалай алады. Бірінші жолдан-ақ бұл сурет кейіпкерінің шықшыты шығынқы түркі тайпасына жататынын, оның ақылды, батыр, ақсүйек екенін, билеуші тапқа кіретінін, отты тіл, тегеурінді күш, салауатты орда мұрагері екенін және өзін жоғары санайтын бишілік дәстүрдің аса әділ майталманы ретінде таныстырып отырғанын бірден байқаймыз. Сонымен жыраулар поэзиясы дегеніміз, көшпенділер өркениеті дүниетанымындағы суырып-салма-синкретикалық мәдениетінің көрінісі, ауыз екі дәстүрлі әдебиеттің классикалық үлгісі, бишілік және сыншылық өнерімен тамырлас, «елдік пен ерлік» бағытындағы діни бағыт-бағдардан ада, азаматтық құбылыс.

Ал енді оның көшпенділер ортасындағы атқаратын міндетіне қарасак, ол бүкіл ел азаматын аталық қоғам дүниетанымында тәрбиеледі. Бұл тұрғыда оның пәлсапалық, танымдық маңызы да зор. Біз бұдан мемлекет заманына дейін жетіп, сол уақыт құндылықтарымен кездескен аталық қоғамның ой-өрісі тек азаматтық бағытында дамығанын көреміз. Сондықтан, жыраулар поэзиясы, баста айтылғандай, елдік пен ерлік жолындағы төңірідей тұлғалар тәрбиелеуші, эпикалық дәстүрдегі жеке лирикалық поэзия болды. Оның басты мақсаты – көшпелілер қоғамының ерлігі жолындағы ғаламат күш-қайрат, ақылды әрекет, жоғары азаматтық тіпті керек жерде жүрек қылына тиетін жан нәзіктігі көрсететін көшпелілер рыцары – «ерлер» бейнесін жасау еді. Ноғай-қазақ ерлері елі мен жеріне, алыстап бара жатқан Көк төңірі мен Ұмай-анаға, болашақ ұрпағына қызмет етті. Жоғарыда келтірілген Қазтуғанның «Мадақ жыры» біз айтып отырған «ер» бейнесінің классикалық үлгісі. Бұдан байқалатыны «ердің» ең басты қасиеті - тектілік. «Бұдырайған екі шекелі», «Қалайылаған қасты орданың сырығы», «Адынасы шайы жібек оққа кірісті». Шалкиіз «жаман» мен «жақсы» ұғымын туралы көп толғанса, оны да тектілікпен тексіздік текетіресінің көрінісі деп түсінген жөн. Жырауларда көп кездесетін «жалғыздық» тақырыбы да осы тектілік пен тексіздікке байланысты. Көшпенділер түсінігінде текті адам ешқашанда жалғыз болмайды, оны әрдайым туған-туысқан, ру, тайпа, қалың елі қоршап отырады. Сондықтан туыссыз, елсіз, немесе түрлі жағдайдан жалғыздыққа ұшыраған азаматтар аянышты.

«Атадан алтау туғанның
Жүрегінің бастары,

Алтын менен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның,
Жүрегiнiң бастары,
Сары да жалқын су болар...»
(Ақтамбердi жырау, XVII ғ.) [12, 53–56]

Бiз бұдан жыраулар поэзиясында кездесетiн этикалық түсiнiктердiң өзi аталық қоғам құндылықтарынан туындайтынын көреміз.

Жыраулар шығармалары мысалында бiз көшпендiлiк психологиясы мен ислам әдебi ұштасуы нәтижесiнде қалыптасқан ұлттың жан-дүниесiн, халықтық философиясын жан-жақты талдай аламыз. Ең әуелi, ол аталған жауынгерлiк, батырлық сипат. Осыдан туындаған дүниеқоңыз, мешандық (ол кезде – бейбiт), нәпсiнiң құлына айналып өмiр сүруге қарсылық, не нәрседе iрi болу – адамның, қоғамдық өмiрдiң ұсақтануын жек көру, ұлылық пен қаһармандықты, мәңгi өзгерiс, күрестi аңсау психологиясын көреміз. Мысалы, ол әсiресе Доспамбет жырау творчествосында анық сезiледi.

Ол қазақ халқының қалыптасу кезеңiнде өмiр сүрдi. Сондықтан өз жырларынан жыраудың мұрат-мақсаты, рухани өмiрi, моральдық қағидалары мен дүниеге көзқарасы аңғарылады. Отан қорғау, патриоттық рухтағы жорық жырларын көбiрек толғаған. («Айнала бұлақ басы тең», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Азау, азау дегенiң», «Арғымаққа оқ тидi», «Қоғалы көлдер қом сулар», «Айналайын Ақ Жайық» т.б.). Туған жер өскен елге деген сүйiспеншiлiк өз өмiрiн еске алу түрiнде келiп, бұл сүйiктi ата мекендi сырт жаудан қорғау мәселесiмен терең ұштасып отырады. Доспамбет жырау жырларының Махамбет толғауларына әсер еткенi айқын аңғарылады. Жырау шығармаларынан бiзге санаулылары ғана жеттi. Оның мұрасы – «рыцарлық, жауынгерлiк поэзияның тамаша үлгiсi» [13, 156]. Өзi батыр, қолбасшы болған «Ер Мамайдың сенiмдi баһадурларының бiрi болып («Ер Мамайдың алдында Шаһид кештiм, өкiнбен!») талай шайқастарға қатысқан Доспамбет өлеңдерiн осы бiр жауынгерлiк, жиһанкездiк (ол саяхат құрған, Меккеге барған) өмiрдi дәрiптеуге, суреттеуге арнайды.

«Поэт поэтизирует и романтизирует» подобный образ жизни, близки его сердцу, и противопоставляет ненавистному ему мирному, обывательскому прозябанию. В поэзии Доспамбета жырау создан идеал человека, воина, чьи дни проходят в сплошных сражениях, передвижениях по военным путям-дорогам, не сожалеющего ни о ранах, ни о потерях, ни об оставленной девушке, ни даже о сыновьях, ждущих отца, ни о самой жизни. Непрерывная динамика опасности, жаркая схватка, звон стрел и гром мечей, накал чувств в битве – вот что дороже всего такому воину» [13, 157].

«Қалаға қаблан жаулар тигейме,
Қабырғадан дұспан жалдап жүргейме,
Қатарланып қарланып,
Қайран ер қарт күренге мінгейме!
Қабырғадан қараған
Достымменен дұспаным:

«Апырым, ер Доспамбет!» дегейме!... « [13, 35]

Қағармандықты, батырлықты, халықтың бір рухани іргетасын құрайтын мінезін көрсету «Ер жігітке жарасар Қолына алған найзасы» (Бұқар жырау). Шалкиіз, Ақтамберді, Жиёмбет, Тәтіқарат.б. жырауларөлендерінде де елеулі орын алады. Жыраулар халықтың қоғамдық-саяси, әскери өміріне тікелей араласып, құр сөзбен емес, үлгі болып, ерлік көрсетіп жүруі себебінен ұлт мінезінің осы бір тұстары өте жоғары көркемдік образ, сөзге ерекше бір қуат, энергия бітірумен сипатталады.

Олар батыр замандастарына арнайы толғаулар да арнаған. Абылайды, Бөгенбай, Қабанбай сынды ерлерді мадақтау: «Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт» (Тәтіқара) Үмбетейдің Бөгенбайды жоқтауы (естірту), т.б.

Шалкиіз жырау шығармаларына қарағанда, «бірде әскери жорықтар сапында, бірде әміршісінің нөкері қатарында Қырым, Терістік, Кавказ, Дон бойын тегіс аралап шыққан» [13, 40].

Жырау туындылары әсерлі, өткір, аз сөзге көп мағына сыйғызған сұлу сазды көркемдігімен ерекшеленді. Оның творчествосынан орта ғасырлық қарапайым көшпендінің өмір туралы философиялық, болмыс туралы нанымы, моральдық, этикалық түсініктері көрініс тапты («Асқар, асқар, асқар тау...», «Қоғалы көлдер...», «Арғымақ ару аттар...», «Ор, ор қоян, ор қоян...» т.б.). Шалкиіз творчествосынан ерлік рухқа, асқақ романтикаға толы жырлар да орындалды. («Алаштан бай та Қозбаса...», «Жапырағы жасыл жау терек...», «Ер Шобан» т.б.). Шалкиіздің халық арасына ең көп тараған шығармалары – «Би Темірге айтқаны», «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқан» толғаулары. Сондықтан оның өлендерінде, жыраудың өз сөзімен айтқанда, «батыршылық» жырланады. Ер-азамат бейнесі – күрес, жекпе-жек, арғымақ ат, әскери жорықтарұғымдарынан ажыратылып қаралмайды: «Жебелеп жебе жүгірген Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма, Жағаласса жыртылмас Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма, Дулығалы бас кескен Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма!» [13, 41].

Шалкиіз дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі ділдік мәселелерді тікелей қойған жырауға жатады. Осы сипатта Шалкиіз халықтың қамын ойлау билеушілер үшін негізгі ниет болу керек дейді. Хандық дәуіріндегі қазақ менталитетінде элита мен бұқаралық мүдделері қарсы қойылмаған. Бұған

Шалкиіздің Темірбиді қажылық сапарынан тоқтатуға бағытталған мына толғауы күә:

«Ай, хан ием, сұраймын:
Тәңірінің үйі кебені
Ибраһим Халил аллажасапты,
Ғазырейіл – жаналмауға қасап-ты.
Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірің үйі бәйтолла,
Сұлтан ием, қарсы алдында жасапты!» [14, 28].

Бұл жерде қазақ менталитетіндегі діни діл мен тіршілік құндылықтарын (фәни өмірді) бағалаудың арасындағы алшақтықты үйлесімді ету мәселесі тұр. Қазақ ақын-жыраулары тіршілік қызықтарын жоғары бағалайды:

«Жақсы да келер бұл көпке,
Жаман да келер бұл көпке...
Ғазірейіл кімдерге құрық салмаған,
Күлелік те ойналық,
Киелік те ішелік,
Мынау жалған дүние,
Кімдерден кейін қалмаған !!!» [15, 51].

Бұл жолдардан кейбір зерттеушілер (әсіресе, Кеңестік дәуірде) қазақ ақын-жыраулары дінге селқос қарады деген пікір айтады. Қытайда жарияланған қазақ мәдениеті тарихына арналған еңбекте, тіпті, көшпелі қазақтардың мұсылмандығы ұйғырлардан келді деген ой алға тартылады:

Қазақтар «қала-қалашық және ауыл-қыстақтардан ат-тонын ала қашып, (бұл жерлерден) төтенше жиренді. Олардың мұсылман болуы әншейін күр аты ғана еді. «Моңғұлдар бастан-ақыр осындай «көшпелі ұлт болды. Жүнісхан оларды ауыл-қыстақ немесе қала-қалашықтарды сағаламайынша мәңгі нағыз мұсылман бола алмайды деп қараған. Сондықтан, мәдениет жағынан парық шағатай хандығының екі тәуелсіз мемлекет болып бөлінуінің төркіні болмасы бар ма?

Қазақ пен ұйғырдың діни сенімдерін салыстырар болсақ, тарихтан қарағанда көшпелі қазақтар арасында ислам дінінің жансарлау болғанын, отырықшы қалалар мен егіншілік аудандарындағы ұйғырлар арасындағыдай терең тартып кете алмағанын байқай аламыз, оның үстіне олардың діни салттары немесе діни қимылдары көшпелі форма бойынша жүрілген. Бұл тек өз ұлтының дәстүріне адалдық болып қана қоймай, оның рухани қасиетіне деген адалдық та еді, тәсілдерін белгілеуге жеткілікті екенін көруге болады.

Оның басты ерекшелігі ойлау барысында бастан-ақыр дәстүрді қадірлейді, қасиеттеуді, адам мен малдың ара қатынасына мән беруді ойының өзегі ету» [16, 18].

Алайда, бұл жерде екі нәрсені ескеру қажет. Біріншіден, аталған еңбек коммунистік идеология үстемдік етіп тұрған Қытайда жазылған. Екіншіден, көшпелі қазақтар мұсылмандық рәсімдерден гөрі ішкі сенімге көбірек сүйенген. Осы жөнінде қазақ ақын-жыраулары дәлелді ойлар айтады:

Бұқар жырау:

«Көкте бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас не пайда.
Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес не пайда.
Дін мұсылман болмаса,
Тіл мұсылман не пайда» [16, 117].

Келесі толғауды жырау мұсылман болу, қазақты мұрат пен несіпке жеткізді дейді:

«Ақтың үйі мешіт-ті,
Ақты Құдай шешіпті,
Арамзада төкпенің
Уыз үйін кесіпті.
Ибраһим Халил жасады,
Тәңірім үйі кебені.
Батырлар үшін жаратқан
Берен сауыт, жебені.
Сыйлай бергіл көнені,
Сыйламаған күң қылар
Өзін тапқан енені.
Ибраһим Халил жасаған
Тәңірі мүйі мешітті,
Құдайды білмес бейнамаз
Құдайынан кешіпті.
Құдайың ақ ұл болсаң,
Шынжаратқан ұл болсаң
Құдай тағалам өзі берер несіпті» [16, 115].

Ойымыз, дәлелді болу үшін Шал ақыннан да осы жөнінде үзінді келтірейік:

Шал ақын Алла жақсылық пен жамандықты ажыратушы дейді:

«Біреуді жақсы демесең,
Біреуді жаман демесең

Бұл дүниеден өткен соң,
Шын дүниеге жеткен соң,
Көтеріліп көрге салған соң,
Көр қараңғы болған соң,
Мүнгір-нәңкір періште
Мен рабың деп тұрған соң
Кімнің жақсы, жаманын
Бір жаратқан хақ білер» [17, 165].
Шал акын дүниеден мұсылман боп өткенді мұрат тұтады:
«Құдая, мұсылмандық дінінде қыл,
Әдебиет тұрғылық жолында қыл,
Шарабын өлімінің ішкен шақта,
Сапарымды айт, жұма күнінде қыл,
Төнімнен ғазиз жаным айырғанда,
Иманымды ұмыттырмай тілімде қыл,
Жиылып халық соңыра саф тұрғанда,
Мұхамедке үммет болған елінде қыл» [17, 150-151].

Алшын тайпасынан шыққан атақты жырау Бортағашұлы Жиёмбет – Еңсегей бойлы Ер Есімнің Кіші жүздегі ел басқарушы биі, әскер басы, батыры. Ол 1620 жылғы соғыста ойраттарды ойсырата жеңуге үлкен үлес қосқан. 1627 жылы қазақ ордасынан бөлініп, дербес хандық құрғысы келіп көтеріліс жасаған Ташкенттің ханы Тұрсын ханды тұқыртқан да осы Жиёмбет. Алайда көп ұзамай орталық үкіметке сөз жүзінде бағынып, кіші жүзде дербес саясат жүргізе бастаған ол ханның қаһарына шалынып, ел шетіне айдалады. Одан қалған мұра - оның Есім ханға арнаған толғауы.

Есім ханның сарайында жүріп, ойраттарға, ел ішіндегі бүлікке қарсы жорықтарда ерлігімен аты шыққан Марқасқа жыраудан да қалған өлең мұрасы аз. Марқасқаның от тілді, орақ ауызды жырау болғанын дәлелдейтін Тұрсын ханға айтқан мына өлеңі сақталған:

– Ей, Қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын:
Жазықсыз елді еңіретіп,
Төңірімсіп жатырсың.
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың,
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың!
Еңсегей бойлы ер Есім

Есігінде келіп тұр.

Алғалы тұр жанынды

Шашқалы тұр қанынды!» [18, 94].

Қазақ – сөз қадірін білген халық. Шешендікті жоғары бағалап, өз ойын, өз пікірін шебер түйіндеп, ұшқыр, әсерлі етіп айта алатын, естігені, көргені көп, соның бәрін халық мүддесіне, парасаттылық пен әділдікке пайдалана білген адамдарды қатты қадірлеген, жастарға үлгі еткен.

Жиёмбеттің шығармаларында да «Жолбарыстай Жолымбет», «Жолбарыс пенен аюдай» деген сияқты тенеулер арқылы батырлық, ерлік, ер мінезділік құштарлана дәріптеледі. Жиёмбет өзін халықшыл батыр екенін дәлелдеп ханға айтқан өкпе-өлені де назар аударарлық. Осы өленде қазақтың сол замандағы жеңімпаз, қайсар, әрі адал, әділ батыр азаматының мінезі толық ашылып көрсетіліп тұр. Жиёмбет – Есім ханның қасында елеулі рөл атқарған батыр, әрі би, талай қалмақтарға қарсы жорықтарда ғажайып ерлік көрсеткен, өлеңімен, жауынгерлерді рухтандырған тұлға.

Ақынның толғаулары хан мен жырау арасындағы бірлікті емес, араздықты, алшақтық пен алауыздықты білдіреді. «өмірің қатты Есім хан», «Еңсегей бойлы ер Есім» атты толғауларында ханның жосықсыз ісін бетіне басып, зорлық-зомбылық әрекеттерін ашық айтады, сөз күдіретін, ақындық өнерді жоғары қояды. «Қол-аяғым бұғауда», «Басы саудың түгел дүр» деген жырларында ханнан қуғын көріп, айдауда жүргені айтылады. Бірақ Жиёмбет жырау қиындыққа мойымаған. Мұны: «Менің ерлігімді сұрасаң, Жолбарыс пен аюдай, Беріктігім сұрасаң, Қарағай мен қайындай» деген өлең жолдарынан көреміз. Жиёмбет жыраудың шығармалары сол дәуірдің кейбір шындығын, сол заманның кескін-келбетін, халықтың салт-санасын білуге жәрдемдеседі.

Алайда көшпенділерге тән тәкаппарлық – жеке басын сыйлата білу, қор болмау мінезіне сәйкес, ол ханның алдында құрдай жорғалағым келмейді, қажет болса, мінін, өкпе-назын бүкпей ашық айтып, адам бостандығын – «далалық демократияны» қорғайды. өзінің ел алдында борышын қалай орындағанын, ханға адал қызмет еткенін халықты куәлікке тарта отырып баяндайды. Батыр ханға «қолтығыңа болдым демесің», «қайратымды білгенсің», т.б. дейді. Тағы бір жерде «Түн ұйқымды бөлгенмін, Жұртымды жөнге салам деп», «Бас кессе де басылмай, Ақ ісімді жасырмай, Атқа мінген ер едік» деп елге сіңірген еңбегі туралы ағынан жарылып айтады.

Ерлік, батырлық, бостандық тақырыбы – Ақтамберді жыраудың жырлаған негізгі тақырыптарының бірі. Ол ойраттармен күрес дәуірінде қазақ қолының басында жүрген аруақты ерлердің бірі. Қазақ халқының болмысы, табиғи мінезі, жан ерекшелігі, намыс, азаттық ұғымдары үшін

құрбандыққа баруға даяр тұратын ұлы келбеті жырау толғауларында айқын көрінеді.

Токсан үш жасында дүние салған Ақтамберді «батырларша оққа ұшпай, төсекте жатып өлгендігін» арман етеді [19, 69].

«Дұшпаннан көрген қорлығым

Сары су болды жүрекке,

Он жетіде құрсанып,

Қылыш ілдім білекке,

Жауға қарай аттандым,

Жеткіз деп құдай тілекке» [3, 47], – дейді.

«Күлдір де күлдір кісінетіп» атты әлі күнге шейін халық арасында зор сүйіспеншілікпен орындалып жүрген жыр-толғауда халықтың жауынгерлігі, сол сияқты кең пейілділігі, қонақжайлылығы сән-салтанат құрып, әсем өмір сүруге, бақ-дәулетке бөленіп, атақ-даңқы артып сәбише қуанып, ойнап шаттануды аңсаған арман-мұраты тамаша суреттеледі («Күренді мінер ме екеміз», «Сауыт киер ме екеміз», «Жолбарыстай шұбарды таңдап мінер ме екеміз», «Жау қашырар ма екеміз», «Мұртымыз өрге шаншылып, Бұран да сөйлер ме екеміз», «Атағым жұртқа білінсе», «Қырақ жерге қырық шатыр тігіп, қонағымды жайғасам», «он кісіге жараса бір кісіге арнап тартқан табағым», «Тектіден текті саралап, Беглердің қызын айттырсам», «Бала бітсе тезірек, Пірлердің бітсе демінен, Шілтеннің тиіп шылауы Артылып туса өзіменен» т.б. ұлт мінезін айқындайтын тілек-сөздер арқылы).

Сонда-ақ, көшпенді қазақтың өмірге құштарлығын, жылқы, қой, көл, табиғатты тек өздерінің таза да қарапайым тіршілігін сүюді көрсететін туындылар да жыраулар шығармашылығында аз емес. «Биенің сүті сары бал, Қымыздан асқан дәм бар ма!» (Ақтамберді).

«Жалп-жалп еткен жапалақ

Аттансаң жазы түзде көрерсің.

Жапалақ ұшпас жасыл тау ...

Ағынды сулар, аймақ көл

Тасыса дөңбек келтірер ...

Арқаның құба жанына

Арыстан ойнар шарқ ұрып» [13, 60].

Әсіресе, «Жазында мал іздеген қазақтың Басы қайда қалмаған, Күлелік де ойналық, Киелік те ішелік, Мынау жалған дүние Кімдерден кейін қалмаған» деген сөз жолдары Шалкиіз-жыраудың көзқарасымен жалпы көшпенділерге тән витализм (өмірге құштарлық, дүниені, өмірді, табиғатты, тіршілікті сүю) философиясын көрсетеді. Әрине, жоғарыда атап айтқанымыздай, бұл – бұл дүниені ғана ойлап, табиғатқа табынып, жеңілтек

мінез білдіру емес, қайта, көшпенді мұсылмандарға тән, жалпы исламның өзі жақтайтын жан мен тән, о дүние мен бұ дүниені, материя мен рухты бір тұтас етіп, гармония тұрғысынан қарау, сондықтан кейбір халықтар құсап (мысалы, дәстүрлі Индия) бұ дүниеден безіп, таза мистикаға берілу – дүние-дәулетті жатсыну қазақ менталитетінде жоқ. Міне осы жырауларда айқын көрініс береді. «Қазақ ақын-жыраулары табиғат құбылыстары мен адам, қоғам дамуындағы белгілі бір ұқсастықты тауып, халыққа оның күнделікті өмірде көріп жүрген мал, жануар, өсімдік, жел т.с. – образдары арқылы философиялық, накыл ойларын түсінікті қылып жеткізе білді. Мысалы, «Көлде жүрген қоңыр қаз Қыр қадірін не білсін, Қырда жүрген дуадақ Су қадірін не білсін! Ауылдағы жамандар Ел қадірін не білсін! Көшіп-қонып көрмеген Жер қадірін не білсін!» [20, 75]. «Көк көгершін, көгершін, Көкқұтан ұшар желі үшін...»

«Арғымақ жалсыз, ер малсыз» (Бұқар).

«Ерлер жортар мал үшін» (Ақтамберді).

Қазаққа ерекше тән натуралистік бейнелер, адамды жануар, табиғатқа ұқсату да көп кездеседі. Батырды жолбарыспен, қабланмен теңеу (тұлпар, сұңқар, т.б.) («Торлаусыз өскен құлынмын» – Ақтамберді; «Жолбарыс мекен аюдай өрлігімді сұрасақ» – Жиымбет; «Сіздей жүйрік тұлпарға» – Бұқар, т.б.

Қорытынды

Жыраулар өз толғаулары арқылы қазақ халқының – бірлік пен ынтымақты, достық пен туыстық, тектілік пен кісілікті, ар-намыс, имандылық, адалдықты жоғары бағалап, қастерлі ұғымдар етіп қарағанына да куә.

Қазақтың дәстүрлі түсінігінде ер, тұлға, үлгі тұтар адам – ол тек білегінің күшіне сеніп жүрген емес, ақылы да, мәдениеті, әдебі де жарасқан, кемел адам. Жігітке «сегіз қырлы бір сырлы» болуы талабы қойылса, оның ашып айтқанда мақсаты – тек жауынгер-батыр емес, нәзік жанды ақын болу, сөзге жүйрік, өнерлі, сол сияқты адамгершілік, руханилық-моральдық жағынан да биік дәрежеде тұру деген сөз.

Өздерінің және сол замандас ұлы тұлғаларының бойынан табылған ұлт мінезінің биік сипаттарын жыраулар әлеуметтік (шын мағынасында рухани) мұрат-үлгі, атап айтқанда билеуші, халық қорғаны болатын ердің үлгісін жасауға негіз қылып алды. Жыраулар поэзиясында осы ер-азамат үлгісі, жалпы қоғам, мемлекет үлгісі, дәстүр үлгісі үлкен орын алады, айрықша суреттеледі. Осы мәселені зерттеу – өзі арнайы тақырып. Жыраулар – әулие, би, идеолог, кейде саяси билеуші, бола бергендіктен ұлтты одан әрі жетілдіруге, өмірде бой көрсетіп қалатын келенсіз құбылыстарды, болашақ

ұрпаққа қауіпті жат-мінез, әдеттерден арылу, оларды тыю, мұрат ұсыну арқылы бүкіл халықты соған қайтсе де қызықтыру, ұмтылдыру проблемасын – өздерінің азаматтық борышы есептеген. Яғни, жыраулар аруақты ұстаздар, ұлт менталитетін жетілдіріп, реттеп отырды, болашаққа сол үлгілерді мирас етті деуімізге толық негіз бар. Тіпті халық сол кезде бұзыла қоймаған болса да, ауруды болдырмау, алдын алу сияқты және де көріпкелдік қасиеттері арқасында ұлтқа басына күн туатын кездер келе жатқанын сезіп-біліп, халыққа барлық қиындықтарға да шыдайтын қасиет, мінез, күш бітіруді дарытуға тырысады. Яғни, рухани иммунитет, ұлт жадында мәңгі жазылып қалатын белгілі бір кодтар, идеялар мен принциптерді өлең арқылы, қанатты, жаталып қалатын афоризм сөздер формасында сақтау енгізуді көздеді. Сөз күдіреті қазақ халқының ерекше қастерлейтін ұғымы болғандықтан оның жадында мәңгі сақталатыны анық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Асан Қайғы.** Әй Жәнібек, ойласаң // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993.
- 2 **Шалкиіз.** Аспанды бұлт құрсайды // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993.
- 3 **Доспамбет.** Озушылар, озмаңыз... // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993.
- 4 **Жиембет.** Қол-аяғым бұғауда // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993.
- 5 **Бұқар жырау.** Ай, заман-ай, заман-ай // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993.
- 6 **Махамбет.** Мұнар да мұнар, мұнар күн // Екімынжылдық дала жыры. – Алматы, 2000.
- 7 **Шалкиіз.** Қара бас құспен шалдырып // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993.
- 8 **Шалкиіз.** Тіленшіұлы Шалкиіз / XV–XVIII ғас. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
- 9 **Шалкиіз.** Сен алтынсың, мен пұлмын / XV–XVIII ғас. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
- 10 **Доспамбет.** ...Ағарып атқан таңдай деп / XV–XVIII ғас. қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.
- 11 **Қазтуған.** Бұдырайған екі шекелі // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993.

12 **Ақтамберді**. Атадан алтау туғанның // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993.

13 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1984. Т.1. – 256 б.

14 **Сәнік Зейнолла**. Қазақтың тұрмыс-салт білімдері. / Дайындаған Қайрат Ғабитханұлы. – Үрімші: Шырақ, 1998. 292 б.

15 **Бұқар Қалқаманұлы** XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.

16 **Күлекеұлы, Шал**. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.

17 **Марғаска**. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы. – Алматы, 1982.

18 **Мағауин, М.** Қобыз сарыны. – Алматы : Жазушы, 1968. – 156 б.

19 Алдаспан / Құр. Мағауин М. – Алматы : Жазушы, 1970. – 280 б.

20 Бес ғасыр жырлайды. / Құр. Мағауин М. – Алматы : Жазушы, 1981. Т.1. – 256 б.

REFERENCES

1 **Asan Kajry**. Әj Zhәnibek, ojlasaң [Hey Janibek, if you think about it] // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Hrestomatija. – Almaty, 1993.

2 **Shalkiiz**. Aspandy bұlt qұrsajdy [The sky is covered with clouds] // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Hrestomatija. – Almaty, 1993.

3 **Dospambet**. Ozushylar, ozmaңыз... [Go ahead, don't go ahead...] // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Hrestomatija. – Almaty, 1993.

4 **Zhiembet**. Qol-ajaғym bұғаuda [My hands and feet are tied] // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Hrestomatija. – Almaty, 1993.

5 **Bұқar zhyrau**. Aj, zamaн-aj, zamaн-aj [Moon, moon-moon, moon-moon] // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Hrestomatija. – Almaty, 1993.

6 **Mahambet**. Mұnar da mұnar, mұnar kyn [The tower is the tower, the tower is the sun] // Ekimynzhyldyқ dala zhyry. – Almaty, 2000.

7 **Shalkiiz**. Qara bas kұспен shaldyryp [Hanging with a black-headed bird] // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Hrestomatija. – Almaty, 1993.

8 **Shalkiiz**. Tilenshiұly Shalkiiz [Tilenshiuly Shalkiiz] / XV–XVIII ғас. қазақ pojezijasy. – Almaty, 1982.

9 **Shalkiiz**. Sen altynsuң, men pұlmyn [You are gold, I am money] / XV–XVIII ғас. қазақ pojezijasy. – Almaty, 1982.

10 **Dospambet**. ...Aғарyp atқаn таңдај dep [... As a pale palate] / XV–XVIII ғас. қазақ pojezijasy. – Almaty, 1982.

11 **Kazturaн**. Bұдыraјғаn eki shekeli [Two shekels] // Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Hrestomatija. – Almaty, 1993.

12 **Ақтамберди.** Atadan altau tufannyң [Six children from grandfather] // Қазақ handyғы дәуіріндегі әдебиет. Hrestomatija. – Almaty, 1993.

13 **Bes ғасыр zhyrlajdy** [Five centuries sing]. – Almaty: Zhazushy, 1984. Т.1. – 256 б.

14 **Сәнік Zejnolla.** Қазақтың тұрмыс-салт білімдері [Knowledge of Kazakh lifestyle] / Dajyndarar Қайрат Fabithanyly. – Yrimshi: Shyrar, 1998. 292 б.

15 **Бұкар Қалқаманылы.** XV–XVIII ғасырлардағы қазақ pojezijasy [Kazakh poetry of the XV–XVIII centuries]. – Almaty, 1982.

16 **Қылекейлы, Shal.** XV–XVIII ғасырлардағы қазақ pojezijasy [Kazakh poetry of the XV–XVIII centuries]. – Almaty, 1982.

17 **Marғaska.** XV–XVIII ғасырлардағы қазақ pojezijasy [Kazakh poetry of the XV–XVIII centuries]. – Almaty, 1982.

18 **Marauin, M.** Қобыз saryny [Kobyz village]. – Almaty: Zhazushy, 1968. – 156 б.

19 **Aldaspan** [Aldaspan] / Қыр. Marauin M. – Almaty: Zhazushy, 1970. – 280 б.

20 **Bes ғасыр zhyrlajdy** [Five centuries sing] / Қыр. Marauin M. – Almaty: Zhazushy, 1981. Т.1. – 256 б.

Материал баспаға 26.09.22 түсті.

А. Ж. Құдабаев¹, Б. С. Құдабаева²

¹Торайгыров университет,
Республика Қазақстан, г. Павлодар

²Павлодарский областной историко-краеведческий музей
имени Г. Н. Потанина,

Республика Қазақстан, г. Павлодар

Материал поступил в редакцию 26.09.22.

ДРЕВНЕЕ НАСЛЕДИЕ НЕПОКОЛЕБИМОЕ ДРЕВО КУЛЬТУРЫ КОЧЕВНИКОВ

На сегодняшний день известно, что казахский менталитет и кочевническое мировоззрение всесторонне и глубоко рассматриваются в западной философии в настоящее время. Например, номадология, развивающаяся в рамках постмодернизма, особое внимание уделяет кочевому языку (менталитету). Сущность нашего народа, дыхание жизни ярко отражено в поэзии долин, принадлежащих к развитому типу кочевой цивилизации. Видно, что наряду с дидактико-

философскими размышлениями, способными раскрыть общественно-социальную и историческую природу отдельных периодов, поэты слова гармонично воспевают темы нравственности, этики, нравственности применительно к различным условиям человеческой жизни. и выполнить образовательную задачу в стране.

Благодаря становлению независимой страны появилась возможность пересмотреть и дифференцировать историю казахского народа, сделать точные и справедливые выводы. Понятно, что наши историки объективно предоставили некоторые исторические работы в этой области. В качестве важной власти этой истории, пусть даже самого молодого, начавшего выходить еще вчера, история казахской философии, место в ней кочевников представляется особенным и интересным. Сегодня в философской литературе существуют разные мнения о том, какая философия близка казахскому народу. В данной статье мы верим, что самобытность казахского народа, философская глубина произведений поэтов и поэтов окажут положительное влияние на сознание будущих поколений.

Ключевые слова: Героизм, героизм, кочевники, долины, мировоззрение, менталитет, философия, традиция, концепция, творчество, век, ханская эпоха, ценность, цивилизация.

A. Zh. Kudabayev¹, B. S. Kudabayeva²

¹Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar

²Pavlodar Regional Historical and
Local History Museum named after G. N. Potanin,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar
Material received on 26.09.22.

ANCIENT HERITAGE UNSHAKABLE TREE CULTURE OF NOMADS

Today it is known that the Kazakh mentality and nomadic worldview are comprehensively and deeply considered in Western philosophy at the present time. For example, nomadology, developing within the framework of postmodernism, pays special attention to the nomadic language (mentality). The essence of our people, the breath of life is vividly reflected in the poetry of the valleys, belonging to the developed type of nomadic civilization. It is evident that along with didactic and philosophical reflections capable

of revealing the socio-social and historical nature of individual periods, poets of the word harmoniously sing the themes of morality, ethics, and morality in relation to various conditions of human life. and fulfill the educational task in the country.

Thanks to the establishment of an independent country, it became possible to review and differentiate the history of the Kazakh people, to make accurate and fair conclusions. It is clear that our historians have objectively provided some historical works in this area. As an important authority of this history, even the youngest, which began to appear yesterday, the history of Kazakh philosophy, the place of nomads in it seems special and interesting. Today in philosophical literature there are different opinions about what philosophy is close to the Kazakh people.

In this article we believe that the originality of the Kazakh people, the philosophical depth of the works of poets and poets will have a positive impact on the consciousness of future generations.

Keywords: Heroism, heroism, nomads, valleys, worldview, mentality, philosophy, tradition, concept, creativity, century, khan era, value, civilization.

Теруге 26.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

441 Kb RAM

Шартты баспа табағы 4,3.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4330

Сдано в набор 22.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

441 Kb RAM

Услпеч.л 4,3. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: Исакова З. С.

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4330

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-humanitar.tou.edu.kz